

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 28 маусымдағы № 110 " Әуликөл ауданы жолаушыларын тұрақты әлеуметтік маңызы бар тасымалдауға тарифтерді белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 9 маусымдағы № 102 қаулысы

Әуликөл ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 28 маусымдағы № 110 "Әуликөл ауданының жолаушыларды тұрақты әлеуметтік маңызы бар тасымалдауға тарифтерді белгілеу туралы" қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 198427 тіркелген) мынадай өзгеріс:

көрсетілген қаулының 1 тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

Әуликөл ауылы жолаушыларын "Сигнал дүкені" – Орталық – Аудандық аурухана – ДСУ 20" № 1 маршрутына 100 теңге мөлшерінде тариф белгіленсін, "Әуликөл – Аманқарағай – Әуликөл" № 2 маршрутына әлеуметтік маңызы бар тұрақты тасымалдауға Аманқарағай және Әуликөл ауылдарының ішінде 100 теңге, Аманқарағай және Әуликөл ауылдарының арасында 150 теңге тариф белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Әуликөл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж. Таукенов

"КЕЛІСІЛДІ"

Әуликөл аудандық

мәслихатының төрағасы

_____ Д. Қойшыбаев